«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ

Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №8 хаттамасы

24 қаңтар 2025 жыл
№3 Хромтау орта мектебі
Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Математика ,география ,орыс тілі мен әдебиеті пәні, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бастауыш сынып мұғалімдері, әулеметтік педагог лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына *(өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж.22.12. № 513)* 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде математика пәні мұғалімі (уақытша бос орын),география пәні мұғалімі (уақытша бос орын),орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (уақытша бос орын),бастауыш сынып мұғалімі (уақытша бос орын),қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (тұрақты бос орын),әлеуметтік педагог (тұрақты бос орын)
лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау қажетпіз. 2025 жылдың 13-22 қаңтар аралығында конкурс жарияланып, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі лауазымына 4 (төрт), бастауыш сынып -1(бір) өтініш түсті. Математика ,география ,орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, әулеметтік педагог лауазымдарына конкурска түсуге құжаттар түскен жоқ.
Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100)бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау қажет.

Кандидат құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына ұпайлар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылды.

Коптенова Н.М - комиссия мүшесі:

Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338
(өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3 тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.
Педагогтердің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойылды. Құжаттар жан-жақты тексерілді.

Мусина Г.А комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні лауазымы бойынша конкурсқа түскен педагогтар туралы:

1)Аблаева Зухра Русланқызы -2020ж С.Байшев Университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті » мамандығын бакалавр дәрежесімен аяқтаған.Еңбек өтілі – 3 жыл.Мектепте тәлімгер болып жұмыс жасаған. Өзін-өзі бағалау бойынша ұпайы-2 ұпай.
Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 6 балл.
2)Панкирей Назгүл Қайратқызы -2023ж Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті » мамандығы бойынша үздік дипломмен бакалавр дәрежесімен аяқтаған.Еңбек өтілі – 1жыл 4 ай. Өзін-өзі бағалау бойынша ұпайы-9,5
Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 5 балл.
3) Кулумгарина Рахия Жарасхановна -1996 жылы Қ.Жұбанов ат Ақтөбе университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті » мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек өтілі-30 жыл. Педагог-зерттеуші санаты бар. Директордың оқу ісі жөніндегі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымдық қызметтерін атқарған. . Өзін-өзі бағалау бойынша ұпайы-16
Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 16 балл.
4) Картбай Гульмира Зиноллақызы -2023ж Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті » мамандығы бойынша үздік дипломмен бакалавр дәрежесімен аяқтаған.Еңбек өтілі – 1жыл 4 ай. Өзін-өзі бағалау бойынша ұпайы-4
Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 4 балл.
Махмудова А.А - комиссия мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша конкурсқа түскен педагог туралы:
1)Ешпанова Рисжан -2004ж Ақтөбе гуманитарлық коллежін «Бастауыш сыныпта оқыту, бастауыш мектепте информатиканы оқыту » мамандығы бойынша аяқтаған. 2021 жылы Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік университетін «Бастауыш оқыту педагогикасы мен методикасы » мамандығы бойынша дипломмен бакалавр дәрежесімен аяқтаған. Педагог-сарапшы санаты бар. Еңбек өтілі –21 жыл
Өзін-өзі бағалау бойынша ұпайы-11,5. Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы – 11,5 балл.

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

ШЕШІМ:

1. Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және уақытша бос орынға тағайындауға ұсынылсын.
   Ешпанова Рисжан – бастауыш сынып мұғалімі
2. Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және тұрақты бос орынға тағайындауға ұсынылсын.
   Кулумгарина Рахия Жарасхановна -қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Комиссия мүшелері: Маннап М.Р
Мусина Г.А
Коптенова Н.М
Махмудова А.А
Хатшы: Бітімбай А.С